



Бекітемін:
Мектеп директоры
А. Жаки

№10 жалпы білім беретін мектебіндегі педагогикалық-психологиялық консилиумның жоспары

2023-2024 оқу жылы

Педагогикалық-психологиялық консилиумның мақсаты: жалпы білім беру үрдісіне қосылған білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау стратегиясын және оларды оқыту мен әлеуметтендірудің табыстылығы үшін ересектердің келісілген әрекеттерін алқалық анықтау болып табылады.

Педагогикалық-психологиялық консилиумның міндеттері:

- ✦ Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды дамыту және оқыту жағдайларын талдау;
- ✦ Оқушыларға педагогикалық-психологиялық көмектің мазмұнын анықтау және оны көрсететін мамандардың өзара әрекеттесулерін үйлестіру;
- ✦ Оқу үрдісіндегі балаларға көмек мазмұны туралы педагогтарға, ата-аналарға ұсынымдар әзірлеу;
- ✦ Педагогикалық-психологиялық көмектің тиімділігін бағалау.

№	Атқаратын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Алғашқы консилиум Педагогикалық-психологиялық консилиумның құрамын сайлау, бұйрық шығару, жылдық жұмыс жоспарын бекіту, ережесімен таныстыру, кестесін құру	Қыркүйек 2023 ж	Педагогикалық-психологиялық консилиумның төрағасы, оқу-ісінің меңгерушісі
2	Білім алуында ерекше қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларымен орта буынға өткен оқушыларды дер кезінде анықтап, оқу үрдісінде, қосымша білім беру мен жанұялық тәрбиеге қатысты жеке тәсілдемелік	Қыркүйек 2023 ж	Педагогикалық-психологиялық консилиумның төрағасы, мүшелері

	ұсынымдар беру. Жеке бағдарламасын құру, қажет болған жағдайда облыстық ПМПК-ға оқушыны ұсыну		
3	Оқуында, тәртібінде ерекшеліктері бар балаларды тәрбиелеу мәселесіне байланысты педагогикалық-психологиялық консилиумнің отырысын жедел өткізу	Жыл бойы	Педагогикалық-психологиялық консилиумнің төрағасы, мүшелері
4	Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды дамыту және оқыту бағытында түзету жұмыстарын жүргізу және ата-аналарға кеңес беру	Жыл бойы	Дефектолог, психолог, сынып жетекшілері
5	Жоспарлы консилиумді жартыжылдықта бір реттен кем емес өткізу	Қаңтар 2024 ж	Педагогикалық-психологиялық консилиумнің төрағасы, мүшелері
6	Баланың білім алуда және тәрбиесінде ауытқушылығы бар оқушыларды психиатр, невропатолог дәрігерлеріне жолдау	Қажет болған жағдайда	Педагогикалық-психологиялық консилиумнің мүшелері
7	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналары немесе олардың заңды өкілдеріне жеке кеңестер беру	Жыл бойы	Дефектолог, психолог, сынып жетекшілері
8	Қорытынды консилиумның балаға оқудың жаңа сатысына өтуіне немесе түзету жұмысының аяқталуына байланысты уақытылы өткізіліп отыру	Уақытында	Педагогикалық-психологиялық консилиумнің төрағасы, мүшелері
		Оқу жылы аяғында	

Психологиялық-педагогикалық консилиум отырысының хаттамасы №1

Білім беру ұйымы: №10 жалпы білім беретін мектеп КММ-сі
Өткізілген күні: 04.09.2023 ж

Қатысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу жоспарларын бекіту;
3. Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнын құрастыру, дефектологтың түзету сабағы

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Қ.Жаки сөз алды. 2023-2024 оқу жылындағы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекітті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп психологы Досова Жамила ақпарат берді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен таныстырды. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде 5 ерекше назардағы оқушы бар

Олар: 2-сынып оқушысы- Избасар Анар

2-сынып оқушысы-Үргенішбай Сырым

3-сынып оқушысы – Новруз Әбілмәнсұр

5-сынып оқушысы-Романова Раяна

7-сынып оқушысы-Тоқтасын Рахат

Жоғарыда аталған оқушыларға ПМПК ұсынысына сәйкес оқу бағдарламасы талқыланып, жоспары бекітілді.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдурахманова Айкерім толық ақпарат берді. Жоғарыда аталған оқушыларға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқталды. Терең педагогикалық диагностика нәтижесіне сәйкес бірінші және екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламалары құрастырылып (үлгілері берілді), арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылатындығы айтылды. Өзін-өзі тану, дене

шынықтыру, көркем еңбек, АКТ пәндері жалпы білім беру бағдарламаларымен оқытылады.

Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқитын оқушыға 1-ші тоқсанға негізгі пәндер бойынша (Математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, ағылшын, орыс тілі) оқу бағдарламалары бейімделеді. Бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары әр тоқсан сайын оқушылардың жетістіктер картасын толтыру арқылы жасалатындығы айтылып, көрсетілді (үлгілері берілді).

Ұсыныс:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын құрастыру және жүзеге асыру;
3. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімдеу (1, 1а, 2а, 2б, 3, 4, 5, 6 формалар);

Шешім:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттары бекітілсін;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары құрастырылып, жүзеге асырылсын;
3. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімделсін;
4. Дефектологтың түзету сабағына қатысатын оқушылардың тізімі жасақталып, бекітілсін;

Отырыс төрайымы:

Хатшы:



А.Абдурахманова

М.Тәжбенова

Психологиялық-педагогикалық консилиум отырысының хаттамасы №2

Білім беру ұйымы: « №10 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

Өткізілген күні: 13.12.2023ж

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде:

1. Білім алуында ерекше қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларымен орта буынға өткен оқушыларды дер кезінде анықтап, оқу үрдісінде, қосымша білім беру мен жанұялық тәрбиеге қатысты жеке тәсілдемелік ұсынымдар беру. Жеке білім беру бағдарламасын құру және қажет болған жағдайда оқушыны облыстық ПМПК-ға ұсыну.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологы Досова Жамила ақпарат берді. Ақпаратта:
 - Оқушылардың психологиялық даму ерекшеліктері талданды.
 - Орта буынға бейімделу барысында кездескен қиындықтар мен эмоционалдық жай-күйі қарастырылды.
 - Ерекше қолдауды қажет ететін оқушылар тізімі ұсынылды.
2. Сынып жетекшілерінің ақпараты:
 - Оқушылардың оқу үлгерімі мен пәндер бойынша қиындықтары аталды.
 - Мінез-құлық, тәртіп, сынып ұжымына бейімделу ерекшеліктері айтылды.
3. Әлеуметтік педагог Жәрдембаева Мадина ақпараты:
 - Оқушылардың әлеуметтік жағдайлары мен отбасылық тәрбиесі қарастырылды.
 - Ата-аналармен жұмыс бағыттары анықталды.

Ұсыныс:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды жүйелі бақылауға алу.
2. Әр оқушыға жеке оқу және түзету-дамыту бағдарламасын құру.
3. Орта буын мұғалімдеріне әр оқушыға жеке тәсіл қолдану жөнінде әдістемелік ұсынымдар беру.
4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс жоспарына бейімделу кезеңін бақылау енгізу.
5. Қажет болған жағдайда облыстық ПМПК-ға бағыттау мәселесін қарастыру.
6. Ата-аналармен түсіндіру және қолдау көрсету жұмысын жалғастыру

Шешім:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімі бекітілсін.
2. Педагог-психолог пен сынып жетекшілері тарапынан оқушылардың орта буынға бейімделу кезеңі бақылауға алынсын.
3. ПМПК-ға ұсынуға тиісті оқушылар туралы мәлімет облыстық ПМПК-ға жолдансын.
4. Келесі консилиумда атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдалсын.

Төрайып
Хатшы



А.Абдурахманова
М.Тәжбенова